

кому уровню сформированности, характеризуется высокой степенью осознанности выполняемых студентами действий, заинтересованностью в результатах учебной деятельности. Действия по обработке информации выполняются на высоком качественном уровне, студенты творчески подходят к выполнению поставленных задач. Перенос умения осуществляется успешно. На основе сравнения студенты определяют отличия новой ситуации от уже известных и находят творческое решение для поставленных задач.

Для выявления уровня сформированности умений у студентов нами использовались следующие методы: лонгитюдное наблюдение, анкетирование, беседы с преподавателями и студентами, тестирование, ранжирование, анализ и обобщение опыта работы автора.

Подводя итог вышесказанному, необходимо сделать следующие выводы:

1. Основными критериями при определении уровня сформированности умений, по нашему мнению, являются: степень осознанности выполняемых действий; качество выполняемых действий; способность переноса усвоенного умения в новую ситуацию.

2. Уровнями сформированности умений можно считать: интуитивный, репродуктивный, репродуктивно-творческий, творческо-репродуктивный, творческий.

Изучение учебных умений, сказывающихся у учащихся к началу обучения в вузе позволяет конкретизировать и обосновать основные задачи целенаправленного формирования учебной деятельности в студенческом возрасте, уточнить состав и объём знаний, которые необходимо вводить в содержание специальных курсов обучения учению, определить материал, наиболее актуальный для обучаемых и требующий особенно интенсивной и длительной проработки, а также оптимальные формы и методы обучения студентов учебной деятельности.

ЛИТЕРАТУРА

1. Белокур Н.Ф. Формирование дидактических умений будущего учителя в процессе вузовского общепедагогической подготовки. – Челябинск.: Изд-во ЧГПУ, 1996. – 87с.

2. Зборовский Г. Самообразование – парадигма XXI века. – М.: Высшее образование в России, 2003. №5, с. 25-32.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА, СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУ ЖОБАСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Кушмурзина Д.Х.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзыреттілік», «құзырет», «құзырлық», «құзыр» терминдері жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне ене бастады. Мұндай аса жауапты білім деңгейіне жету үшін оқу үдерісін соған сай ұйымдастырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның *құзырлық* қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну негізгі мақсат болып отыр.

«Құзыр», «құзырлық» және «құзырлы» түсініктері бұрынырақта тұрмыста, әдебиеттерде кеңінен пайдаланылды, сөздіктерде түсіндірмелері берілді. Мысалы, «Шетел сөздерінің қысқаша сөздігінде» (М., 1952ж.) «құзырлы (лат. *competens, competentis* қабілетті) – анықталған аймақта жетекші, білуші; өз білімі деңгейінде бір нәрсені шешу немесе талқылау статусы бар» деп анықтама берілген.

Құзырлық құзырлары мәселесі бойынша жұмыстарды талдау Н.Хомский, Р.Уайт, Дж. Равен, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, В.Н.Куницина, Г.Э.Белицкая, Л.И.Берестова, В.И.Байденко, А.В.Хуторский, Н.А.Гришанова, және т.б. еңбектерінде кездеседі.

Ресей ғалымы Н.В. Кузминаның көзқарасы бойынша «Құзырлық дегеніміз – педагогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы» – деді.

Құзыр – өкілетті қызмет адамы, сол салада оның сәйкес білімі, танымы болуы қажет және жауапты шешімдерді қабылдауға құқылы.

Құзырлық – жұмыскердің өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті.

Дамыған 50 ел қатарына енуді көздеген «мәуелі» мақсаты, әлемдік деңгейдегі бәсекелестікке төтеп бере алатын тұлғаларды дайындау, білім сапасының халықаралық стандарттарға сай болуы әлемдік деңгейдегі терминдерді пайдалануды талап етеді. Көтеріліп отырған мұндай проблемалар, білім беру жүйесін дамыту барысында білім берудің нәтижесі классикалық білім парадигмасы ұсынған білім, білік, дағды ұғымдарымен қоса, интеллектуалдық, азаматтық-құқықтық, коммуникативтік, ақпараттық біліктіліктері мен тұлғалық

сипаттарын, қасиеттерін, қабілеттерін қамтитын құзырлық ұғымының әдіснамалық деңгейде зерттелуі оның жалпы білімдегі жүйелі практикалық қызметтерімен тікелей байланысты.

Сондықтан, бүгінгі таңда ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекеті мен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті, отбасындағы, қоғамдағы, еңбек ұжымындағы әлеуметтік ролін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру.

«Құзыр» білім беру үрдісі нәтижесіне оқушының мінез-құлқына әрекетіне қойылатын талап ретінде оның өз тіліндегі, өз деңгейіндегі жатық сөздер, жатық іс-әрекеттер арқылы анықталатын ұғым, ал құзырлы адам нақты бір аймақта негізді шешім шығару, тиімді әрекет жасауға мүмкіндік туғызатын білім мен қабілеттерді қамтиды.

Құзырлық қызмет теориясы мен мінез-құлық теорияларының тоғысуынан туындап, пайда болған жағдаят мәселелерін шешу барысында көрінеді. Адам бойындағы құзырлық әртүрлі формада: шеберлік дәрежесінің сапасына, өзін жүзеге асыру тәсілдеріне, әдет машығына, әрекетіне, қабілеттіліктеріне байланысты кездеседі. Адам өзінің даралығын, өзіндігін, өз қабілеттерін, құндылықтарын сезініп, салыстырып, бағалап, болашағын болжамдай алған сәтте ғана, ол өз құзырлығын аша алады. Құзырлы адам жөнінде Әл-Фараби былай деген: «беделді адам дегеніміз, егер адам бір мәселе хақында пікір айтса да, оның пікірі даусыз қабылданады және тексеруді қажет етпейді. Тіпті ешқандай фактімен негізделмесе де, оның айтқаны қабылданады. Адам бұл қасиетке ұлғая келе ие болады, өйткені ол жанның бұл бөлшегі ұзақ тәжірибені керек етеді.»

Әл-Фарабидің «беделді адам» жөнінде айтылған ойлары «құзырлық» ұғымына қатысты ойлармен, энциклопедиялық сөздіктерде берілген түсініктемелердің астарын дәл мағынасында ашады деп түсінеміз.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдау құзырлық ұғымының педагогикалық категория ретіндегі орнын, қызметін, оның негізгі құрамдас бөліктері кәсіби шеберлігі мен тұлғалық сипаттары арасындағы байланысты ашуға, жалпы құзырлықты сегіз қырлы, бір сырлы әлеуметтік феномен деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

«Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статус иесіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс мәселенің нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады.

«Методикалық терминдер сөздігінде» «Құзыреттілік (латынның *competentis*-бейім сөзінен) – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген.

Латынның «*comprete*» деген термині «білу», «жасай алу», «дегеніне жету» деген мағыналарды береді. Бұл жалпы алғанда құзыреттіліктің мәнін анықтайды.

Жалпы құзыреттіліктің сипаты қандай екендігіне тоқталып өтсек, кейбір сөздіктерде құзыреттілікке белгілі бір зат, құбылыс жөнінде пайымдауға, салмақты да беделді пікір айтуға мүмкіндік беретін білімді игеру ретінде түсіндірме берілген. Ал, орыс тілінде «құзыреттіліктің» аудармасы «компетентность». «Компетенция ешқандай білімге де, біліктілікке де келіп тірелмейді. Кең ауқымды білімге ие, бірақ оны қажет болған кезде іске асыра алмайтын адамдарды кездестіруге болады. Компетентті болу деген оқымысты немесе ғалым болу деген сөз емес. Компетенция адамның білімі мен практикасындағы іс-әрекеттер арасында болатын қатынас ортасы болып қалады» – деп жазады орыс ғалымы М.В.Рыжакөв өз еңбегінде.

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н.Хомский енгізген болатын, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер ұғымын берген.

Құзыреттілік теориясы Г.В.Вайлер, Ю.В.Койнов, Я.И.Лефстед және т.б. еңбектерінде негізделген. Білім беруді ұйымдастыруға құзыреттілік тұрғыдан келуді жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін меңгеру туралы мәселелер М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, В.В.Давыдов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

«Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта жалпы білім берудің жалпыға міндетті стандартын» жобасында «*Құзыреттілік* – оқушылардың іс-әрекетінің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі, ал *құзырет* дегеніміз алға қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; оқушының білім беру жүйесіне деген әлеуметтік тапсырысты құрайтын жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындығы» деп көрсетілген. Сонымен қатар, құзыреттілікті тәсілге де төмендегідей анықтама берілген: «Құзыреттілікті тәсіл – оқу процесінің түпкілікті құзыреттерді қалыптастыруға бағдарлануы; күтілетін нәтижелерге қол жеткізу аясында білім сапасын қамтамасыз ететін білім беру мақсаттарын анықтаудың, білім маз-

мұнын іріктеудің, білім беру процесін ұйымдастыру мен білім нәтижелерін бағалаудың жалпы ұстанымдарының жиынтығы». Тұлға құзыреттілігін дамыту үшін ұстаздың құзыреттілікті тәсілдерді меңгеруі, білім беру мазмұнын жетілдіруі қажет.

Сондықтан, жаңа инновациялық әдіс-тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану үшін қазіргі оқу үрдісінде оқып, үйреніп, тәжірибеде пайдаланып келе жатқан америкалық ғалымдары Джинни Стилл, Куртис Мередит және Чарльз Темпл жасаған «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» жобасы оқушы құзыреттілігін дамытуда маңызы зор.

90-жылдары Қазақстанда Америка Құрама Штаттарының оқу жүйесінде пайда болған «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы мұғалімдер үшін әйгілі бола бастады. Мазмұны жағынан бұл бағдарлама оқыту әдістері бағытының бірі болып табылады.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы оқушылардың аналитикалық позитивті сыни және шығармашылықты ойлауын дамытуға; сыныпта демократиялық ахуалды тудыруға, мұғалім тек ақпарат беру кезі болуды тоқтатып, оқушыларға сұрақ қоя білуге бағытталған пікірлесуге қатысуға мүмкіндік тудыратын теңқұқылы диалог атмосферасын тудырушы, сонымен бірге түрлі ақпарат көздерінен (өз тәжірибесінен, телебағдарламадан, көркем әдебиеттен, бұқаралық ақпарат көздерінен) белгілі тақырыпта жаңа ақпарат таба білулеріне ықпал жасаушы бірқатар әдістемелер ұсынады.

Республикада бұл бағдарламаны «Соростың Демократиялық Білім Беру Орталығы» ендіруде.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген Джинни Л.Ситл, Куртис С.Меридит, Чарльз Темпл. Жобаның негізгі Ж.Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Мақсаты, барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Біздің елімізде Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос – Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады. /4,2001/

Оқу мен жазуды сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? – деген сұраққа американдық профессор Дэвид Клустер, сыни деп айтуға келмейтін құбылыстарға тоқтала отырып, сыни тұрғыда ойлауды анықтайтын үш пунктін ұсынды:

Біріншіден, сыни тұрғыдан өзіндік жеке ойлау болып табылады дейді. (мысалы, сабақ барысында әр оқушының өз ойлары мен пікірлерін басқалардан тәуелсіз құруы).

Екіншіден, сыни ойлауды тудыратын білім дәлелдемелері екеніне тоқталады.

Үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуы қажет ететін мәселені анықтаудан басталады – дейді.

Бұл жерде адамзат баласының Абай айтқандай, үш түрлі мінезбен туатыны, яғни соның бірі көрсем, білсем деген талпыныс құмарлығы туралы пікірмен үндеседі.

Бұл жөнінен шығыстың ғұламасы Аристотель «Ойлау таңданудан басталады, табиғаттың ашылған құпиясы алдында шынайы таңырқау – ойдың күшті тасқынын тудыратын қуатты түрткі» – деген.

«Сыни тұрғысынан ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар.

Сыни ойлау туралы әр түрлі психологиялық әдебиеттерде әр қилы айтылады. Мысалы: В.Г.Крутецкий – ойдың сыншылдығы – бұл адамның өзінің және басқалардың ойларын белсенді бағалау дағдылы барлық ұсынылған ережелер мен қорытындыларды нақты және жан-жақты тексеру.

Ал, отандық психолог Сәбет Бап-баба әр қандай шешім сындарлы ойға түсіп, жұрттың айтқанын не өз топшалауын жалаң құптай салмай, терең сын талдауға келтіріп «оң, не қарсы» тараптары таразылағанды талап етеді. Сындарлы ақыл сипаты адамның объектив жағдайлар мен өз әрекетіне орынды баға беру қабілетінен, нақтылы бағыт ұсынып алға тартылған болжамдарды жан-жақты өштестіріп, оларды тексеру нәтижелерін объектив бағалай алуынан келіп шығады. Сындарлы ойлау ой-дамытудың негізгі әрбір тұлғаның терең білімділігі мен тәжірибесінде.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау аса дұрыс түсінік емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Баланың білімді жүйелі меңгеріп, қабілет деңгейін арттыруда «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының маңызы ерекше. Бұл бағдарламаның мақсаты: бастау-

ыш сынып оқушыларының кез-келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, сапалы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету. Бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда, тез арада дұрыс шешімдер табуға ат салысатын бірден-бір тиімді бағдарлама деп есептейміз.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жаратуын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Сын тұрғасынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі.

Сыни ойлау философиясындағы басты мақсат: оқушы қандай да болмасын ақпаратты өздігінше игеріп, өз өміріне жарата алатын әмбебап тәсілдерді үйренуі керек. Білім алу оқушы тұрғысынан белсенді процесс болуы қажет, тек белсенді түрде жұмыс жасай отырып, ол қандай да болмасын білімді игереді. Сын тұрғысынан ойлау әрбір оқушыны терең ойланып, философиялық тұжырым жасауға бағыттайды. Өмірде ең керекті білік пен дағды – қоғамда қарым-қатынас құра білу, басқа адамдармен тіл табысу екендігін ескере отырып, әр сабақта оқушы оқытудың басқа да қатысушыларымен (оқушылар мен ұстаздар) араласып коммуникативтік қарым-қатынас процесінің белсенді мүшесіне айналады, әрі ұжымда, қоғамда, әлеуметте қалайша өзара байланыс құру мәселесі төңірегінде ойланады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде сабақта оқушылар арасында:

- бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды;
- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;
- бір-біріне құрметпен қарауға;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;
- достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;
- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды.

Оқыту әдістемесінде RWCT стратегияларын қолдану болашақ мұғалімде өте маңызды қасиеттерді қалыптастырады, олар:

1. Конструктивті икемділіктер – қандай оқыту стратегиялар таңдау және неге? Оқытылып отырған пәннің, пәнді оқыту әдістемесі талап ететіндей, ерекшелігін, оқу материалының мазмұның аша ала ма және оқушылардың қабілеттерін дамыта алады ма? Мұғалім позициясы қандай – ол жетекші ме немесе оқушылардың оқу әрекеттерінің әріптесі ме?

2. Ұйымдастырушылық икемділіктері – микро топтарда оқу әрекетің қалай ұйымдастыруға болады? Топтарға қалай дифференциалуға болады? Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалай қалыптастыруға болады? Мұғалімнің көмегі қандай?

3. Қарым-қатынас икемділіктер – сабақта, микротоптарда жұмыс жасау кезінде өнімді қарым-қатынасты қалай орнатуға болады? Қарым-қатынаста қалай қайшылықтарды алдын алуға болады? Оқушыларды немен таң қалдыруға болады? Немен қызықтыруға болады?

«Сыни ойлауды дамыту» жобасының ең басты ерекшеліктерінің бірі – оның оқушыға, оқушының белсенділігіне бағытталғандығы. Әр сабақтан кейін мұғалім өзіне «Сабақта оқушыларым қандай белсенді іс-әрекеттер атқарды?», «Бүгін мен көп сөйледім бе, жоқ, әлде, оқушылар ма?», «Әр оқушы бүгін өз мүмкіншілігін жүзеге асыра алды ма және ол қандай дәрежеде дамыды?» деген сұрақтарды қойып отырғаны өте орынды. Өйткені сабақтың деңгейі мен оны бағалау осыған тікелей байланысты.

Сонымен, сын тұрғысынан ойлау оқушыны тәрбиелеп, білім біліктілігін артырып қана қоймай, шәкірттерге еркін ойлауға мүмкіндік беріледі; ақыл-ойы дамиды, шығармашылық деңгейі артады, топтық іс-әрекетке тәрбиеленеді, тіл байлығы жетіледі, өзі жан-жақты жетіледі, өз ойын жеткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құдайбергенова К.С. Құзырлық ұғымдарының эволюциялық дамуы. //Білім берудегі менеджмент. 2007 ж.
2. Б.Кенжебеков. Маманның кәсіби құзіреттілігінің теориялық негізі. //Бастауыш мектеп. 2006 ж. №7.
3. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту //Білім-Образование. 2006 ж. №2. – Б.15-18.

4. Тілдік тұлға қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлаудың маңызы //Білім-Образование. 2007 ж. №5. – Б.12-23.
5. Райысов У. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. //Бастауыш мектеп, 2004 ж.
6. С.Мирсеитова. Өрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. Алматы, 2006 ж.

ОПЫТ ОБЕСПЕЧЕНИЯ УСЛОВИЙ ДЛЯ ЭФФЕКТИВНОЙ РАБОТЫ С ОДАРЕННЫМИ И СПОСОБНЫМИ ДЕТЬМИ В УСЛОВИЯХ ГИМНАЗИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Ли В. П.

*ГУ «Гимназия имени А. М. Горького
отдела образования акимата г. Костаная»*

Подготовка национальной элиты – молодых людей, способных занимать ключевые места в управлении государством, экономике, культуре – одно из приоритетных направлений построения национальной модели образования. Добиться же успехов в профессиональной деятельности можно, лишь обладая недюжинными общими и специальными способностями, образованностью, творчеством. Поэтому перед родителями, перед детьми, перед учителями стоит новая задача – выявление, развитие личности, потенциальных возможностей и на этой основе определения своего будущего.

Одним из путей осуществления программы обновления системы школьного образования является работа с одаренными детьми. Сегодня очевидно, что развитие способностей школьников становится приоритетным направлением в деятельности педагогов. Так, учителя истории не только организуют процесс познания исторического пути человечества, его социального, духовного, нравственного опыта, но и развивают способности школьников осмысливать события и явления действительности на основе исторического анализа.

Практика показывает, что в учебной деятельности не все ученики поднимаются до способа научного анализа, что у большинства из них в суждениях доминирует эмпирический уровень мышления. Между тем, выделяются дети с ярко выраженным стремлением не только знать как можно больше, но и способные мыслить нетрадиционно. Ученики эти стремятся разобраться в огромном потоке информации, актуализируют исторический материал, имеют аргументированную личностную позицию. Этих детей мы называем талантливыми, одаренными. Увидеть таких детей на фоне каждодневной напряженной работы, поддержать их интерес к познанию, развить его нестандартное мышление - в этой работе создается определенная система. Организатором такого процесса выступает учитель. Учитель должен владеть методикой выявления одаренных детей и дальнейшего развития их. Одаренных детей отличает исключительная успешность обучения. Эта черта связана с высокой скоростью переработки и усвоения информации. Но одновременно с этим такие дети могут быстро утрачивать интерес к ежедневным кропотливым занятиям. Им важны принципиальные вещи, широкий охват материала. Работать с такими детьми интересно и трудно; в классе, на уроке они требуют особого подхода, особой системы обучения. Часто про одаренных людей говорят, что в них есть «искра Божья», но чтобы из этой искры разгорелось пламя, а применительно к науке это пламя таланта, нужно приложить немалые усилия. Именно поэтому на протяжении многих лет своей педагогической деятельности мы занимаемся развитием и воспитанием одаренных детей. Постоянная и кропотливая работа не только с учащимися, но и над собой приносит свои плоды, наши учащиеся являются победителями районных, областных, республиканских олимпиад, конкурсов, успешно поступают и учатся в ВУЗах нашей и стран дальнего и ближнего зарубежья.

Главное в системе работы с одаренными детьми – личностное развитие ученика, реализация ребенка на максимальном для него уровне. Обучение на высоком уровне трудности, быстрый темп изучения программного материала, осознанное обучение, преобладание теоретических знаний над практическими навыками и умениями, создание программ работы с одаренными детьми (ШОР). Способность может только усиливаться, наращиваться с течением времени, если для этого создаются особые условия. Поэтому характер и стиль взаимодействия учителя и учеников должен предполагать демократичность, открытость, диалогичность. Учитель выполняет функции не только носителя информации, но и организатора сотрудничества, консультанта, управляющего поисковой работой учащихся. Для таких учащихся создается дополнительное образовательное пространство, которое направлено на обогащение и углубление одаренности. Оно осуществляется через частичное варьирование содержания программ, организацию коррекцион-